# IV МОДУЛЬ

## ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

# 11-сабақ
# Әкімшілік құқықбұзушылық іс жүргізудегі медиация тәртібін сотта қолдану

### 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

арыз иелері
медиация тәртібі
жазбаша келісім
жәбірленушінің арызы
анықтады
қаулы етті
татуласу

кемсіту
қорлап тиісу
былапыт сөйлеу
тыныштығын бұзу
жауаптылықтан босату
сыйламаушылық көрсету
істі өндірістен тоқтату
әкімшілік жауаптылық көзделген

### 2. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| тыныштығын | көзделген |
| жауаптылықтан | тәртібі |
| арыз | келісім |
| медиация | арызы |
| жазбаша | босату |
| жәбірленушінің | етті |
| сыйламаушылық | тиісу |
| істі өндірістен | сөйлеу |
| әкімшілік жауаптылық | иелері |
| қаулы | көрсету |
| қорлап | бұзу |
| былапыт | тоқтату |

### 3. Сөз тіркестері дұрыс қатарды белгілеңіз

| + | − | |
|---|---|---|
| | | арыз иелері |
| | | медиация келісім |
| | | жазбаша тәртібі |
| | | жәбірленушінің арызы |
| | | қорлап көрсету |
| | | былапыт сөйлеу |
| | | тыныштығын бұзу |
| | | жауаптылықтан босату |



LIVEWORKSHEETS

## 4. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

Кодекстің 73, 73-1, 73-2, 73-3, 79 (бірінші бөлігінде), 146, 185, 186, 190 (бесінші және алтыншы бөліктерінде), 220, 229 - (екінші бөлігінде) баптарында ______________________ туралы істер __________________ бойынша ғана қозғалады және ол әкімшілік құқықбұзушылық жасаған тұлғамен ______________________ тоқтатылуға жатады.

Кодекстің 73, 73-1, 73-2 және 73-3-баптарда көзделген әкімшілік құқықбұзушылықтарды бірінші рет жасаған адамдар ______________, ________, оның ішінде __________________________, сот оларды әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін.

__________ жәбірленуші мен әкімшілік __________________________ қол қойған ______________________ негізінде жүзеге асырылады.

## 5. Сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

жәбірленушінің арызы
медиация тәртібімен
арыз иелерімен
құқықбұзушылық жасаған тұлға
жазбаша келісім
әкімшілік жауаптылықтан босату

## 6. Оқыңыз.

Түркістан облысы Созақ аудандық сотының судьясы А.Сарсенованың төрағалық етуімен, хатшылықта сот отырысының хатшысы Б. Жақсылықова, жәбірленуші Л.У. Қасымованың, өзіне қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан тұлға Д.Н.Аюповтың қатысуымен, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 73-бабының 1-бөлігі бойынша

Аты-жөні: Даулет Нартайұлы Аюпов
Туған күні: 1980 жыл 12 желтоқсан
Тұрғылықты жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, 9-үй, 20-пәтер
Тіркелген орны: Түркістан облысы, Созақ ауданы, 9-үй, 20-пәтер
Жұмыс орны: жұмыссыз
Жеке басын куәландыратын құжат: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен 2013 жылғы 5 қыркүйекте берілген.

Жеке куәлік: №035245507

ЖСН: 841201302046

әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі ашық сот отырысында мемлекеттік тілде қарап, анықтады.



LIVEWORKSHEETS

## 8. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

_______________ _______________ _______________

Ақтөбе облысы Қобда аудандық сотының судьясы М. Қалиевтің төрағалық етуімен, хатшылықта сот отырысының хатшысы А.Бақаева, жәбірленуші С.Т. Қожабекова, өзіне қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан тұлға А.С.Омаровтың қатысуымен, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-бабының 1-бөлігі бойынша

________: Асан Сартайұлы Омаров

______: 1991 жыл 4 ақпан

_________________: Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Астана көшесі, 41

___________: Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Астана көшесі, 41

_______________: №12 мектеп, күзетші

_______________________: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен 2010 жылғы 5 қыркүйекте берілген. ______________: №035254507

_______: 910204302046

әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі ашық сот отырысында мемлекеттік тілде қарап анықтады.

## 9. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

қатысу+ы+мен
жіберу
айту
көрсету
қарастыру
дәлелдеу
анықтау
зерттеу
шығару

Етістік + тәуелдік жалғауының III жағы (-ы, -і)+көмектес септігінің жалғауы (-мен) Мысалы: қатысу+ы+мен
бару+ы+мен, көрсету+і+мен

## 10. Тыңдаңыз, жазыңыз.

нотариустың ______
судьяның ______
арыз берушінің ______
шешім ______
апелляциялық ______
соттың ______
құқықбұзушылығын ______



LIVEWORKSHEETS

## 11. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орындарды толықтырыңыз.

Д.Н.Аюпов 2021 жылы 18 қазанда ішімдік ішіп заңды некедегі әйелі Л.У. Қасымоваға ______________, ______________, ______________.

Д.Н.Аюпов хаттамада ______________ ______________ растайтындығын, жәбірленушімен ______________________________ татуласқаны туралы ______________, өзіне қатысты қозғалған ______________________, әкімшілік жауаптылықтан босатуды сұрады.

ӘҚБтК-нің 73-бабы 1-бөлігіне сәйкес, құқықбұзушымен тұрмыстық қатынастағы адамдарға ___________________________, ______________, ______________, ______________, ______________________________ және олардың ______________________, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған ______________________ қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, ол үшін ескерту жасау не ______________________ мерзімге ______________________ түріндегі әкімшілік жауаптылық көзделген.

## 12. Берілген сөз тіркестерін үлгінің көмегімен сәйкестендіріңіз.

келісімді ұсынып – келісімді ұсынды

| | |
|---|---|
| әкімшілік істі тоқтатып | қорлап тиісті |
| сыйламаушылық көрсетіліп | кемсітті |
| былапыт сөйлеу | үй тұрмысындағы заттарды бүлдірді |
| қорлап тиісу | ескерту жасады |
| кемсіту | сыйламаушылық көрсетті |
| үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру | былапыт сөйледі |
| ескерту жасау | әкімшілік істі тоқтатты |

## 13. Мәтін бойынша қажетті сөздерді қойыңыз.

| | | |
|---|---|---|
| 1. ______________________________ | көрсетіп | сыйламаушылық |
| 2. ______________________________ | сөйлеп | тыныштығын |
| 3. ______________________________ | бұзып | әкімшілік істі |
| 4. ______________________________ | ұсынып | келісімді |
| 5. ______________________________ | тоқтатып | былапыт |
| 6. ______________________________ | бүлдіріп | үй тұрмысындағы |

## 14. Мәтінді тыңдаңыз, сан есімдерді жазыңыз.

Д.Н.Аюповтың жасаған кінәсі әкімшілік құқықбұзушылығын мойындауымен қатар, __________ жылғы ____________ жәбірленушінің арызы және сол күнгі полиция қызметкерінің баянатымен, сондай-ақ ____________________ қазанда жасалған №______________ әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттамасымен дәлелденеді.

Сот Д.Н.Аюповтың аталған іс-әрекетін ӘҚБтК-нің ______________________ саралайды.

Сот ӘҚБтК-нің ________________ сәйкес, Кодекстің ______, ________ және ______________ көзделген әкімшілік құқықбұзушылықтарды бірінші рет жасаған адамдар жәбірленушілермен, арыз иелерімен, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса, оларды әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Д.Н.Аюпов ӘҚБтК-нің ____________________________ көзделген әкімшілік құқықбұзушылықты бірінші рет жасаған, сондай-ақ жәбірленушімен жазбаша келісім негізінде татуласқан.

ӘҚБтК-нің ______________________________) тармақшасына сәйкес осы Кодекстің ________________көзделген тәртіппен тараптардың медиация тәртібінде татуласуына байланысты іс тоқтатылды.

Сот Д.Н.Аюповты әкімшілік жауаптылықтан босатуды, істі өндірістен тоқтатуды дұрыс деп тапты.



LIVEWORKSHEETS

## 15. Мәтін бойынша дұрыс нұсқасын белгілеңіз.

| | | |
|---|---|---|
| 1. жасаған кінәсі әкімшілік құқықбұзушылығын | 1 | a) іс тоқтатылды |
| 2. 73-бабының 1-бөлігімен | 2 | b) босатуы мүмкін |
| 3. полиция қызметкерінің | 3 | c) мойындауымен қатар |
| 4. медиация тәртібімен | 4 | d) саралайды |
| 5. әкімшілік жауаптылықтан | 5 | e) татуласса |
| 6. жазбаша келісім негізінде | 6 | f) баянатымен |
| 7. татуласуына байланысты | 7 | g) татуласқан |
| 8. істі өндірістен тоқтатуды | 8 | h) басшылыққа алды |
| 9. 1-бөлігінің 2) тармақшасын | 9 | i) дұрыс деп тапты |

## 16. Оқыңыз.

Д.Н. Аюповқа қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 73-бабы 1-бөлігімен қозғалған әкімшілік іс өндірісі жәбірленуші Л.У. Қасымованың әкімшілік құқықбұзушылық жасаған тұлғамен медиация тәртібінде татуласуына байланысты тоқтатылып, Д.Н. Аюпов әкімшілік жауаптылықтан босатылсын.

Қаулыға шағым, прокурормен өтінішхат Ақтөбе облыстық сотына Қобда аудандық соты арқылы әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша қаулы табыс етілген күннен бастап он тәулік ішінде, ал егер осы Кодекстің 744, 745, 746, 747, 748 және 753-баптарында аталған тұлғалар істі қарауға қатыспаса, оны алған күннен бастап келтірілуі мүмкін.

## 17. Мәтін бойынша сөз тіркесін құрастырыңыз.

әкімшілік

ішінде

медиация

татуласуына байланысты

тәртібі

істі қарау

әкімшілік іс

құқықбұзушылық

өндірісі

он тәулік



LIVEWORKSHEETS

# ҚАУЛЫ

**2021 жылғы 4 қараша** №__________іс **Қарағанды қаласы**

Қарағанды қаласы әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты құрамында судья А.Сарсенованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы Б. Жақсылықованың,
жәбірленуші Л.У. Қасымованың
өзіне қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан тұлға Д.Н.Аюповтың қатысуымен, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-бабының 1-бөлігі бойынша

Даулет Нартайұлы Аюпов
Туған күні: 1980 жыл 12 желтоқсан
Тұрғылықты жері: Қарағанды облысы, Абай қаласы, Масанчи көшесі, 2-үй 1-пәтер.
Тіркелген орны: Түркістан облысы, Созақ ауданы, 9-үй, 20-пәтер
Жұмыс орны: жұмыссыз
Жеке басын
куәландыратын құжат: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен 2013 жылғы
5 қыркүйекте берілген.
Жеке куәлік:№035245507
ЖСН: 841201302046
әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі ашық сот отырысында мемлекеттік тілде қарап,

## АНЫҚТАДЫ

Д.Н.Аюпов 2021 жылы 18 қазанда ішімдік ішіп заңды некедегі әйелі Л.У. Қасымоваға сыйламаушылық көрсетіп, былапыт сөйлеп, тыныштығын бұзған.

Д.Н.Аюпов хаттамада көрсетілген мән-жайларды растайтындығын, жәбірленушімен медиация тәртібінде татуласқаны туралы келісімді ұсынып, өзіне қатысты қозғалған әкімшілік істі тоқтатып, әкімшілік жауаптылықтан босатуды сұрады.

Д.Н.Аюповтың жасаған кінәсі әкімшілік құқықбұзушылығын мойындауымен қатар, 2021 жылғы 18 қазандағы жәбірленушінің арызы және сол күнгі полиция қызметкерінің баянатымен, сондай-ақ 2021 жылғы 18 қазанда жасалған №1428797 әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттамасымен дәлелденеді.

Сот, Д.Н.Аюповтың аталған іс-әрекетін ӘҚБтК-нің 73-бабының 1-бөлігімен саралайды.

Сот ӘҚБтК-нің 64-бабының 1-1-бөлігіне сәйкес, Кодекстің 73, 73-1, 73-2 және 73-3-баптарда көзделген әкімшілік құқықбұзушылықтарды бірінші рет жасаған адамдар жәбірленушілермен, арыз иелерімен, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса, оларды әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Д.Н.Аюпов ӘҚБтК-нің 73-бабында көзделген әкімшілік құқықбұзушылықты бірінші рет жасаған, сондай-ақ жәбірленушімен жазбаша келісім негізінде татуласқан.

ӘҚБтК-нің 741-бабының 1-бөлігінің 12) тармақшасына сәйкес осы Кодекстің 64-бабында көзделген тәртіппен тараптардың медиация тәртібінде татуласуына байланысты іс тоқтатылады.

Сот, Д.Н.Аюповты әкімшілік жауаптылықтан босатуды, істі өндірістен тоқтатуды дұрыс деп тапты.

ӘҚБтК-нің 64-бабының 1-1-бөлігін, 829-14-бабының 1-бөлігінің 2) тармақшасын басшылыққа алды.

## ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Д.Н. Аюповқа қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-бабы 1-бөлігімен қозғалған әкімшілік іс өндірісі жәбірленуші Л.У. Қасымованың әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғамен медиация тәртібінде татуласуына байланысты тоқтатылып, Д.Н. Аюпов әкімшілік жауаптылықтан босатылсын.

Қаулыға Алматы қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты арқылы Алматы қалалық сотына шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты қаулының көшірмесін алған күннен бастап он тәулік ішінде келтірілуі мүмкін.

Судья А.Сарсенова



LIVEWORKSHEETS